

«М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті» КЕ АҚ  
қызметіндегі сыбайлас жемқорлық  
тәуекелдерін ішкі талдау нәтижесі бойынша

## ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА

Шымкент қаласы

8 желтоқсан 2023 жыл

Талдау «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 5-тармағы және Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігі Төрағасының 16.01.2023 жылғы №21 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізілді.

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің негізі:**  
«М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕ АҚ-ның (бұдан әрі-*Университет*) Басқарма төрағасы-ректорының 14.11.2023 жылғы №219-нқ санды бұйрығы.

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу объектісі:**  
М.Әуезов атындағы ОҚУ тұрғын және тұрғын емес үй-жайларын жалға беру қатынастары, жауапты құрылым – Әкімшілік шаруашылық қызмет департаменті.

**Ішкі талдау жүргізілетін кезең:** 2021 және 2022 күнтізбелік жылдар.

**Ішкі талдау жүргізу мерзімі:** 13.11.2023 жыл – 08.12.2024 жыл аралығы.

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің бағыттары:**

1) тұрғын және тұрғын емес үй-жайларды жалға беру қатынастарын реттейтін нормативтік-құқықтық актілер мен ішкі актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) тұрғын және тұрғын емес үй-жайларды жалға беру қатынастарын ұйымдастырушылық - басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

\*\*\*\*

I. Тұрғын және тұрғын емес үй-жайларды жалға беру қатынастарын реттейтін нормативтік-құқықтық актілер мен ішкі актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Аталған қатынастарды реттеуге бағытталған университеттің төмендегі ішкі құжаттары зерделенді:

- 13.08.2021 жылы №133-нқ санды бұйрықпен бекітілген М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті КЕ АҚ –ның «Тұрғын және тұрғын емес нысандарын жалға беру және жалға алу туралы» Ереже (СМЖ ОҚУ Е 6.21-2021);

- 24.05.2022 жылғы №113-нқ санды бұйрықпен қолданысқа енгізілген М.Әуезов атындағы ОҚУ КЕ АҚ-ның тұрғын және тұрғын емес үй-жайларды жалға беру туралы қағидасы.

13.08.2021 жылы №133-нқ санды бұйрықпен бекітілген Ереже жобасын ұсынған Әкімшілік-шаруашылық қызмет департаментінің директоры

О.Акимжанов және Қаржы департаменті директорының м.а. Ж.Серикова. Ереже қазір қолданыста емес, дегенмен 1 жыл көлемінде қолданылған Ереже 2021 жылдың 13 тамызында қабылданған, бірақ бұйрық мәтінінде 2021 жылдың 1 тамызынан бастап қолданысқа енгізіледі деп көрсетілген. 13.08.2021 жылғы №133-нқ санды бұйрықта ереже атауы «Тұрғын және тұрғын емес нысандарды жалға беру және жалға алу туралы» Ереже деп көрсетілген, ал құжаттың негізгі атауы «Тұрғын және тұрғын емес үй-жайларды жалға беру туралы» Ереже.

Университеттің ішкі құжаты 2022 жылдың 24 мамырында №113-нқ санды бұйрықпен қолданысқа енгізілген «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕ АҚ-ның «Тұрғын және тұрғын емес үй-жайларды жалға беру туралы» қағидасы.

Қағида жобасын дайындаған және ұсынған – Әкімшілік шаруашылық қызмет департаментінің директоры О.Акимжанов. Қосымша 5 Басқарма мүшесі, Стратегиялық жоспарлау және сапа менеджменті орталығының басшысы мен Заң бөлімінің басшысы тарапынан келісіліп, қол қойылған.

Тұрғын және тұрғын емес үй-жайларды жалға беру туралы қағиданы талдау барысында анықталғаны:

- жобаны дайындау, ұсыну, келісу және бекіту барысында ешқандай мерзім көрсетілмеген;

- Қағиданың 1.3 тармағында «Қағида ЖОО-да білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру тәртібін айқындайды» - деп көрсетілген. Ал мүлікті жалға беру мен тамақтандыруды ұйымдастыру екі түрлі қатынас және тамақтандыру тек білім алушыларға ғана емес, жұмыскерлерге де қатысты қолданылуы керек;

- Қағидада тұрғын емес үй-жайларды жалға берудің конкурстық және конкурстық емес нысандары нақтыламаған, мысалы банкоматтар мен мультикассалар орнатуды, конференциялар, семинарлар, концерттер, көрмелер мен спорттық іс-шаралар өткізу үшін үй-жайлар мен жабдықтарды сағат бойынша жалға беруді (Мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру қағидаларын бекіту туралы ҚР Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 17 наурыздағы № 212 бұйрығы) конкурстық негізде іске асыруға болады;

- қолданыстағы Қағиданың 6-тармағының 8.1-тармақшасындағы банкоматтар, терминалдар мен кеңсе жайларын жалға беру Басқарма мүшесінің немесе Басқарма Төрағасы-ректордың шешімімен іске асырылады деген норма нақтылануы керек, қай Басқарма мүшесінің шешімімен іске асырылады, шешім қандай нысанда (бұйрық, өкім) болуы керек. Мысалы, банкоматтар мен терминалдарды орнату, нысанды жалға беру туралы Басқарма Төрағасы-ректордың ешқандай шешімі жоқ, бұл қатынастарға қатысты тек келісім шарттар ғана бар.

- Қағидада бекітілген тұрғын және тұрғын емес үй-жайларды жалға беру ақысы объектілерді жалға берудің нарықтық құнынан әлдеқайда төмен. Банкоматтар мен терминалдар, кеңсеге арналған жайлар мен спорттық зал, акт залын жалға беру ақысы айына 1 шаршы метр үшін - 0,5 АЕК, асханалар мен буфеттерді жалға беру ақысы айына 1 шаршы метр үшін – 1000 теңге деп

бекітілген. Жалға беру бойынша барлық келісім шарттар мерзімі он айға, яғни оқу жылына (қыркүйек-мамыр айлары аралығы) жасалатынын ескерсек, айлық есептік көрсеткіш жыл сайын күнтізбелік жылда өзгереді, ал бұл жалға беру ақысына да әсер етуі керек, бірақ шартта АЕК мөлшерінің өзгеруі туралы норма қарастырылмаған. Демек тұрғын емес үй-жайларды жалға беру ақысын белгілеуде, есептеуде айлық есептік көрсеткіш, инфляция сияқты нарықтық факторлар есепке алынбаған.

- қағидада жалға беру қатынастарын ішкі бақылау тетіктері қарастырылмаған;

- конкурстық хаттамалардағы кестеде конкурсқа қатысушылардың «баға ұсынымдары» көрсетілген, егер жалға берілетін объектінің ауданы белгілі болса, қолданыстағы Қағидада тұрғын емес үй-жайлардың 1 шаршы метрі үшін жалға беру ақысы бекітілген болса, баға ұсынымы не үшін сұратылатын белгісіз.;

- тұрғын үйді жалға беру қатынастары реттелмеген, ішкі актіде тұрғын үйді жалға беру тәртібі көрсетілмеген;

- конкурстық процедураны растайтын құжаттар толық ұсынылмады.

II. Тұрғын және тұрғын емес үй-жайларды жалға беру қатынастарын ұйымдастырушылық - басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Университет балансындағы тұрғын үй-жайлар және жатақханалар:

к/с	Қызметтік тұрғын үй/ жатақхана	Тұрақты тұратын қызметкер	Мекен-жайы/ ауданы, жылы	Ауданы/ орын саны
1	Қызметтік пәтер	Басқарма мүшесі- проректор Е.Сармурзин	Шымкент қ., Тауке хан көшесі, 33, корпус 1, 25 п., 2001 ж.	91,6 кв.
2	Қызметтік пәтер	Заң бөлімінің басшысы А.Сартаев	Шымкент қ., Бекет батыр көшесі 4/15., 2001 ж.	61,4 кв.
3	Қызметтік пәтер	ақпарат ұсынылған жоқ	Шымкент қ, Отырар м.а., 58/2, кв.13, 1994 ж.	74.5 кв.
4	Қызметтік пәтер	ақпарат ұсынылған жоқ	Астана қ., Алматы ауд., Сығанак көш. 10/299, 2007 ж.	110,6 кв
5	Жатақхана №1	білім алушылар	Шымкент қ, С.Жандосов көш. 3, 1982 ж.	390 орын
6	Жатақхана №2	білім алушылар	Шымкент қ., М.Дулати көш.198, 1976 ж.	292 орын
7	Жатақхана №3	тұрғындар орналастырыл маған	Шымкент қ., К.Рыскулбеков көш.4, 1965 ж.	336 орын
8	Жатақхана №4	білім алушылар	Шымкент қ., Желтоқсан көш.14,	336 орын

			1969 ж.	
9	Жатақхана №5	білім алушылар	Шымкент қ., М.Дулати көш.198, 2015 ж.	588 орын
10	Жатақхана №6	тұрғындар орналастырыл маған	Шымкент қ., К.Рыскулбеков көш. 6, 1965 ж.	366 орын

2021 жылы Басқарма төрағасы-ректор м.а. Қ.Нұрманбетовтің 13.08.2021 жылғы №134-нқ санды бұйрығымен тұрғын емес үй-жайларды жалға беру бойынша комиссия құрылған. Комиссия төрағасы - Қ.Нұрманбетов, төраға орынбасары – ҚД директорының м.а. Ж.Серикова, мүшелері – Қ.Иманалиев, Ә.Ыбырайым, М.Танирбергенов, хатшы А.Халмурзаев.

Ескертпе: бұйрыққа негіздеме ӘШҚ департаменті О.Акимжановтың мерзімі көрсетілмеген қызметтік хаты және бірінші проректор Қ.Нұрманбетовтің келісімі. Бірақ ӘШҚ департаментінің директоры О.Акимжановтың комиссия құру туралы қызметтік хатында бірінші проректор Қ.Нұрманбетовтің келісімін растайтын қолы қойылмаған, яғни «комиссия құрылсын» деген нұсқау жоқ, хатта шығыс номер және мерзім көрсетілмеген.

Университеттің тұрғын және тұрғын емес үй-жайларды жалға беру туралы ішкі актісі 13 тамызда қабылданып, сол күні комиссия құру туралы бұйрық шығарылған.

2021 жылы ақылы негізде жалға берілген тұрғын емес үй-жайлар:

к/с	Жалға алушы	Келісім шарт номері/мерзімі	Жалға берілген объектінің мекен-жайы	Жалға берілген объектінің ауд/кв.м	Жалға беру ақысы
1	АО «Евразийский банк»	01.07.2021ж.- 31.12.2021ж, №1 келісім шарт	№3,4,7,8 ғимараттарда – банкомат, №1, 3, бас ғимаратта - терминал	Жалпы - 14 кв.м.	51 048 теңге (1 айға), 612 570 теңге (жылына)
2	Объединение ЮЛ «Ассоциация сельскохозяйственных кооперативов г. Шымкент»	01.10.2021 ж.- 31.12.2021 ж., №2 келісім шарт	№2 ғимарат (кабинет 119 Б), №16 ғимарат (кабинет 110)	78 кв.м.	119 Б кабинет – 77 971 теңге (айына), 110 кабинет – 48 732 теңге (айына)
3	«Aitur Standart Qurylys» ЖШС	01.10.2021 ж.- 31.10.2021 ж. №4 келісім шарт	№3 жатақхана	120 кв.м.	142 800 теңге
4	ИП Нахаева Динара Жарасқызы	01.11.2021 жыл,	Бас ғимарат, №1,2,4,	529,2 кв.м.	1 303 100 теңге

	(асханалар мен буфеттер)	№1 келісім шарт	5,7,8,9,13 ғимараттардың асханалары және буфеттері, №1,2,5 жатақханалардың буфеттері, жалпы – 12, (4 – асхана, 8-буфет)		(айына), шарт 7 аға түзілген, жалпы жалдау құны – 9 121 700 теңге
--	--------------------------	-----------------	---	--	---

2021 жылғы университет асханалары мен буфеттерін жалға беруге қатысты анықталған сәйкессіздіктер мен сыбайлас жемқорлық тәуекелдері:

1. Конкурса қатысушы жеке кәсіпкерлер, заңды тұлғалар Қағиданың 6.4-тармағында көрсетілген конкурстық құжаттар ұсынылған жоқ (өтініш, құрылтай құжаттарының көшірмесі, баға ұсынымдары, заңды тұлғаның тіркеуден өткені туралы куәлігі, жеке тұлғаның жеке кәсіпкер ретінде тіркелгені туралы куәлігі және т.б.).

2. Тұрғын емес үй-жайларды жалға беру бойынша комиссия 2021 жылдың 13 тамызында құрылған, комиссия мәжілісі 27 қазанда өткен, ЖК Нахаевамен 1-қарашада түзілген №1 келісім шартта конкурстық комиссияның қорытындысы 2021 жылдың 31 тамызында шығарылды деп көрсетілген. Ал келісім шарттың 8 тармағында «Осы шарт қол қойылған күннен бастап күшіне енеді, 2021 жылдың 1 қыркүйегінен бастап пайда болған қатынастарға қатысты қолданылады» - деп көрсетілген. Контрагент арнайы база арқылы тексерілді, ЖК Нахаева – 2017 жылдың 10 мамырында жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеуден өткен, басшысы – Ертаева Динара Жарасқызы (ЖСН 850627400061, заңды мекен-жайы Шымкент қ., Қонаева 9Г.)

3. Шартта және шарттың 1,2,3 қосымшаларында жалға алушы ЖК Нахаеваның қолы қойылған, мөрі қойылмаған, жалға алушы ретінде «Нахаева Д.Ж.» деп көрсетілген, шарттың № 1 қосымшасына университеттің мөрі қойылмаған, шарттың 3-қосымшасында екі түрлі мерзім көрсетілген.

4. Ішкі талдауды жүргізу барысында Қаржы департаментіне 2021 және 2022 жылдардағы тұрғын емес үй-жайларды жалға беру қызметінен түскен қаржы туралы ақпарат сұралып, қызметтік хат жолданды. Ұсынылған ақпарат анықтамаға қоса тіркелді. Қаржы департаменті ұсынған ақпаратта 2021 жылы тұрғын емес үй-жайларды жалға беру туралы 4 келісім шарт болған, осы шарттар негізінде жалпы 1 070 548 (бір миллион жетпіс мың бес жүз қырық сегіз) теңге түсім болған. Ал, асханалар мен буфеттерді жалға алған ЖК Нахаева 2021 жылғы келісім шартта көрсетілген 9 121 700 теңгені төлегені немесе не үшін төлемегені туралы ақпарат жоқ.

5. Шарттың №1 қосымшасында 4 нысан –асхана ретінде, 8 нысан –буфет ретінде жалға берілетіні көрсетілген, қабылдау-тапсыру актісінде объектіні

пайдалану нысаны анық жазылған, ал конкурстық хаттамада барлық лоттың атауы – асхана бөлмесін жалға беру деп көрсетілген.

6. Қағиданың 6.8.3 тармағында тамақтандыру объектілерін жалға беру кезінде жалдау есептемесіне ас блогының алаңы және қосалқы үй-жайлар қосылады деп көрсетілген, бірақ конкурстық хаттамада және шартта, шарт қосымшаларында асханалар мен буфеттердің жалпы ауданы қанша, жалға берілетін ауданы қанша (тамақ дайындайтын орын мен қосалқы жай ауданы) екені көрсетілмеген, тіпті 1 шаршы метрді жалға беру құны шартта да нақтыланбаған.

#### 2022 жылғы жалға берілген тұрғын емес үй-жайлар

қ/с	Жалға алушы	Келісім шарт номері/мерзімі	Жалға берілген объектінің мекен-жайы	Жалға берілген объектінің ауд/қв.м	Жалға беру ақысы
1	АО «Евразийский банк»	16.03.2022ж.- 31.12.2022ж, №15/5 келісім шарт	№1,4,7,8 ғимараттарда – банкомат,	Жалпы - 7 кв.м.	26 801 теңге (1 айға)
2	ТОО «Baskets Kids»	13.05.2022 ж.- 01.10.2022 ж., №2 келісім шарт	№11 ғимарат, Тәуке хан 30	450 кв.м.	96 480 теңге (айына)
3	ТОО «Baskets Kids»	01.10.2022 ж	№10 ғимарат, Байтұрсынова 64 А	678,3 кв.м.	451 682
4	ТОО «Baskets Kids»	01.10.2022 ж	№14 ғимарат, Рыскулбекова 3.	991 кв.м.	
5	ИП Еrsaин (буфет-кофейня)	01.09.2022ж.- 31.05.2023ж.	Тәуке хан 5	14.6кв.м.	17 000 (айына)
6	ИП Галымжан (асхана)	01.09.2022 ж.- 31.05.2023ж.	№4 ғимарат	42,1 кв.м.	45 000 (айына)
7	ИП Нахаева Динара Жараскызы (асханалар мен буфеттер)	01.09.2022 ж.- 31.05.2023ж. №1 келісім шарт	Бас ғимарат, № 2,5, 7,8,9,13 ғимараттардың асханалары және буфеттері, №1,2,4,5 жатақханалардың буфеттері,	473,6 кв.м.	490 000 теңге (айына), жалпы жалдау құны – 4 410 000 теңге

			жалпы – 11, 4-асхана, 7 -буфет		
--	--	--	--------------------------------------	--	--

2022 жылғы университет асханалары мен буфеттерін жалға беруге қатысты анықталған сәйкессіздіктер мен сыбайлас жемқорлық тәуекелдері:

1. 08.08.2022 жылы №151-нқ санды тұрғын емес үй-жайларды мүліктік жалға беру бойынша комиссия құру туралы бұйрықта төраға орынбасары – Әлеуметтік және тәрбие жұмысы жөніндегі проректор Е.Сармурзин, бірақ ішкі талдау барысында проректор Е.Сармурзин өзінің №151-нқ санды бұйрықпен таныспағанын, 2022 жылдың 26 тамызы мен 31 тамызы күндері болған комиссия отырысына қатыспағанын мәлімдеді.

2. Басқарма Төрағасы-ректор м.а. Қ.Нұрманбетовтің 08.08.2022 жылғы №151-нқ санды бұйрығымен тұрғын емес үй-жайларды жалға беру бойынша комиссия құрылған, төрағасы – Бірінші проректор – Қ.Нұрманбетов, төраға орынбасары – проректор Е.Сармурзин, мүшелері – Қ.Иманалиев, Ә.Ыбрайым, Қ.Мусабеков, хатшысы – А.Исаева. Конкурстық хаттаманың екеуінде де хатшы А.Исаеваның қолы қойылмаған, қолданыстағы қағидада хатшы хаттаманың әр бетіне қол қояды деп көрсетілген. Барлық лоттың атауы – асхана бөлмесін жалға беру, іс жүзінде 4 асхана, қалған объектілер буфет нысанында.

3. 2022 жылы ЖК Нахаеваға жалға берілген тұрғын және тұрғын емес үй-жай ауданы - 473,6 ш.м., айына жалпы жалдау құны – 490 000 теңге, 9 ай үшін жалдау ақысы – 4 410 000 (төрт миллион төрт жүз он мың) теңгені құрайды. Ал, тура осы тұрғын емес үй-жайлар 2021 жылы ЖК Нахаеваға 529,2 ш.м. көлемінде (асхана мен буфеттер) жалға беріліп, жалдау ақысы айына - 1 303 100 (бір миллион үш жүз үш мың бір жүз) теңгені құраған. Жалға беру арқылы университетке түсетін пайда 2022 жылы инфляцияны ескеріп, артудың орнына кеміген. Шартқа жалға алушы ретінде «Ертаева Д.Ж.» қол қойған.

4. 01.09.2022 жылы жасалған №3 келісім шарт негізінде Тәуке хан 5 мекен-жайындағы №4 ғимараттың асханасы ЖК Галымжанға 2022 жылдың 1 қыркүйегі мен 2023 жылдың 31 мамыры аралығына жалға берілген. Жалға берілген асхана ауданы – 42,1 ш.м., жалдау ақысы – айына 45 000 (қырық бес мың) теңге, жалдаудың жалпы құны - 315 000 (үш жүз он бес мың) теңге (жалға алушы алғашқы айларда жөндеу жұмыстары есебінен 2 ай үзіліс алған). Шарттың №3 қосымшасы Қабылдау-тапсыру актісінде жалға алушы ЖК Галымжан емес, ЖК Нахаева деп жазылған. Ішкі талдау барысында кезінде ЖК Галымжан кәсіпкер ретінде мелекеттік тіркеуден 2022 жылдың 26 қыркүйегінде өткені анықталды, басшысы – Илес Галымжан Маратұлы. Тіркеуден қыркүйек айында өткен жеке кәсіпкердің тамыз айында конкурсқа қатысуы және конкурстық комиссия шешімімен ғимаратты жалға алуы «Мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру қағидалары» мен

университеттің қолданыстағы Қағидасы талаптарының сақталмағанын дәлелдейді.

5. Ішкі талдау барысында 2022 жылғы барлық әлеуетті қатысушылардың конкурстық құжаттары сұратылды, бірақ ӘШҚ департаменті конкурстық құжаттарды ұсынған жоқ.

6. 01.09.2022 жылғы №4 келісім шарт негізінде Тәуке хан 5 мекен жайындағы №4 ғимараттың 1 қабатында орналасқан буфет-кофехана ЖК Еrsaинға жалға берілген, келісім шарт мерзімі 01.09.2022 жыл – 31.05.2023 жыл аралығы, жалға берілген нысан ауданы – 14,6 ш.м., жалдау құны айына – 17 000 (он жеті мың) теңге, шарт бойынша жалпы жалдау құны – 119 000 (жүз он тоғыз мың) теңге. Жалға алушы жөндеу жұмыстары есебінен жалдау ақысын төлеуге үзіліс алған. Шарттың №3 қосымшасы Қабылдау-тапсыру актісінде жалға алушы ЖК Еrsaин емес, ЖК Нахаева деп көрсетілген.

Ішкі талдау кезінде анықталғаны: ЖК Еrsaин – 31.03.2022 жылы мемлекеттік тіркеуден өткен, басшысы – Аузбаев Мақсат Қаныбекұлы.

7. Университеттің ішкі актісінде тұрғын емес үй-жайларды жалға берудің базалық мөлшерлемесі, тұрғын емес үй-жайдың құрылыс типі, түрі, жайлылық дәрежесі, аумақтық орналасуы, жалдаушының қызмет түрі, жалдаушының ұйымдық-құқықтық нысаны ескеріліп қолданылатын коэффициенттердің мөлшері ескерілмеген.

Университеттің тұрғын және тұрғын емес үй-жайларды жалға берумен байланысты қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері:

1. Тұрғын және тұрғын емес үй-жайларды жалға берумен байланысты ішкі актілер нормаларында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің болуы, тұрғын үйлерді жалға беру тәртібінің регламенттелмеуі.

2. Тұрғын емес үй-жайлар (асханалар мен буфеттерді) жалға беру кезінде конкурстық процедура талаптарының сақталмауы.

3. Тұрғын емес үй-жайларды жалға беруден түсетін қаржыны бақылаудың әлсіздігі.

4. Тұрғын емес үй-жайларды жалға беру процесіне қатысты бақылау-механизмдерінің жеткіліксіздігі.

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мен сәйкессіздіктерді жою бойынша ұсынымдар:**

1. Мемлекеттік мүлікті басқарудың заңдылық, есеп берушілік және бақылауда болу, жариялылық, принциптерін басшылыққа алып, университеттің ішкі актісіне шұғыл өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

2. Оқу орнының тұрғын және тұрғын емес үй-жайларды жалға алу қатынастарын регламенттеу;

3. Университеттегі тұрғын және тұрғын емес үй-жайларды жалға алу, жалға беру процесіне бақылау механизмін енгізу;

4. Университеттің тұрғын және тұрғын емес үй-жайларды жалға беруден түсетін қаржысын тиімді басқару, есептілігін қамтамасыз ету;

5. Жалға беру туралы келісім шарттар мазмұнын қайта қарау, өзгерістер енгізу, Заң бөлімі басшысының келісімін алуды міндеттеу;



6. Жалға беру, жалға алумен байланысты барлық комиссия құрамына Заң бөлімінің басшысын дауыс беру құқығымен, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет жетекшісін дауыс беру құқығынсыз қатыстыру;

7. Тұрғын емес үй-жайларды жалға берудің нарықтық құнын ескере отырып, жалға беру ақысын қайта қарау;

8. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау кезеңі 2021 және 2022 жылдарды қамтығандықтан, тәуекелдің жоғары деңгейін ескеріп, тұрғын емес үй-жайларды жалға берудің ағымдағы кезеңіне тақырыптық мониторинг жүргізу;

9. Конкурстық процедуралардың бұзылуына жол берген жауапты тұлғалардың іс-әрекетіне баға беру.

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қорытындысы бойынша жалпы ұсыныс:**

1. Талдамалық анықтаманы Басқарма Төрағасы-Ректорға ұсыну және таныстыру;

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижесі бойынша талдамалық анықтаманы алқалы түрде қарау;

3. Ішкі талдау қорытындысын «М.Әуезов атындағы ОҚУ» Директорлар кеңесіне және ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Шымкент қаласы бойынша департаментіне ұсыну;

4. Ішкі талдау нәтижесін университеттің интернет-ресурсына орналастыру.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы  
комплаенс-қызметінің жетекшісі



Г. Дулатова